



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Президент Түркияға көмек ретінде 1 млн доллар бөлуді тапсырды



дабын жою үшін қосымша көмек көрсету мәселесін қарастырып жатыр.

Мемлекет басшысы Үкіметке жойқын жер сілкінісі салдарынан зардап шеккен Түркия Республикасына шұғыл көмек ретінде 1 миллион доллар бөлуді тапсырды.

Сонымен қатар Қазақстанның өкілетті органдары түрік тарапымен бірлесіп, зілзаланың зардабын жою үшін қосымша көмек көрсету мәселесін қарастырып жатыр.

Шетелдіктердің Қазақстанда тұрақты тұруына рұқсат ресімдеу қағидалары өзгерді

Шетелдіктердің Қазақстанда тұрақты тұруына рұқсат ресімдеу қағидаларына өзгерістер енгізілді.

Қазақстанда олармен көші-қон келісімдері бар елдердің азаматтары Қазақстанға ішкі құжаттармен кіре алады, шыға алады, транзитпен өте алады, жүре алады және уақытша елде

герістер енгізілді. Енді шетелдіктерге тұрақты тұруға өтініш берген күні жарамдылық мерзімі кемінде 180 күнтізбелік күнді құрайтын өзінің шетелдік паспортын ұсыну қажет.

«Уақытша тұруға рұқсаттар алу үшін тұрғын үй иесінің, оның атынан сенімхат бойынша әрекет ететін



бола алады. Алайда шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұрақты тұруына рұқсат алуы үшін шетел азаматының немесе азаматтығы жоқ адамның жеке басын куәландыратын және олардың құқықтық мәртебесін растайтын құжат ретінде шетелдік паспорт қажет.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкестендіру үшін 6 қаңтар күні ІІМ-нің бұйрығымен тұрақты тұруға рұқсаттар ресімдеу қағидаларына өз-

адамның баруы не болмаса меншік иесінің нотариалды расталған келісімі қажет. Өзгерістерге сәйкес рұқсатты ресімдеген кезде көрсетілетін мекенжайда оның тіркеу коды болуы тиіс. Осы шаралар шетелдіктерді жоқ мекенжайларға, сондай-ақ өтініш иесіне қатысы жоқ мекенжайларға тіркеу мүмкіндігін жою мақсатында қабылданды», деп жазылған хабарламада.

«Созақ үні»-ақпарат.



Президент Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілді қабылдады

Мемлекет басшысы Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Рустам Жүрсіновті қабылдады.

Мемлекет басшысына атқарылған жұмыстар мен отандық бизнесті одан әрі қолдау және кәсіпкерлердің мүддесін қорғау жоспары жөнінде мәлімет берілді.

Рустам Жүрсінов Президентке 2022 жылы 4 408 өтініш келіп түскенін, оның 1 530-ы (34%) оң шешімін

тапқанын және 1 030 (23%) өтініш бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілгенін айтты. Сондай-ақ былтыр бизнес-омбудсмен еліміздің барлық өңірінде кәсіпкерлермен кездесу өткізгенін айтты. Уәкіл өткен жылы рейдерлікке қарсы күресті күшейтуге және бизнесті мемлекеттік органдардың заңсыз араласуынан қорғауға қатысты түзетулер заңнамаға енгізілгенін жеткізді. Президентке кәсіпкерлік

қызмет саласына жаңа реттеуші саясатты енгізу жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысы туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің есебін қабылдап, бизнеске қатысты әкімшілік кедергілерді анықтауға және оларды жою шараларын әзірлеуге бағытталған бірқатар тапсырма берді.

Қазақстан және араб елдері арасындағы ынтымақтастық талқыланды

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Қанат Тұмыш елімізде араб мемлекеттерінің елшілерімен және уақытша сенімді өкілдерімен кездесті.

Кездесу барысында тараптар екіжақты саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың қазіргі жай-күйі мен көпжақты форматтағы өзара әрекеттесудің мәселелерін талқылады. Екіжақты қарым-қатынастарды кең көлемде әрі қарай нығайту бойынша ой-пікірлермен алмасты.

Кездесуге қатысқандар қазіргі уақытта Қазақстан мен араб елдері арасында барлық деңгейлерде ашық әрі сенімді диалогтың орнатылғанын атап өтті. Бұл түрлі салалардағы ынтымақтың әрі қарай кеңейуін қамтамасыз етеді.

Тараптар алдағы жылдарда Қазақстанның Араб әлемімен серіктестігі жаңа сапалы деңгейге көтерілетініне сенім білдірді.

Қ.Тұмыш әртүрлі саладағы екіжақты ынтымақты дамытуға әрдайым көрсетілетін



қолдаулары мен үнемі дайындықтары үшін араб елшілеріне ризашылығын білдірді. Елдеріміз арасындағы қарым-қатынастарды нығайту мақсатында араб елшіліктерінің жұмыстарына жан-жақты жәрдем көрсетуге өзінің дайындығын қуаттады.

Сонымен қатар дипломаттар Таяу Шығыстағы қазіргі ахуалды талқылап, осы маңызды аймақтың саяси тұрақтылығын әрі қарай сақтау қажеттігін атап өтті.

«109»-бірыңғай байланыс орталығының атқарып отырған жұмыстары туралы жиын өтті

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында Түркістан облысының цифрландыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының «Цифрлық даму орталығы» КММ «109» - бірыңғай байланыс орталығының атқарып жатқан жұмыстары туралы жиын өтті. Жиынды аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыбалды ашып, жүргізіп отырды. Шараға аудан



әкімдігінің бөлім, мекеме басшылары мен ауыл, кент округ әкімдері және аталған орталыққа жауапты мамандар қатысты.

Аталған жиында «109» бірыңғай байланыс орталығының бөлім басшысы Ақерке Калибаева орталықтың бүгінгі күнге дейінгі атқарған жұмыстарына тоқталып, келіп түскен өтініштерге талдау жүргізді. Бүгінде ауданнан 109 байланыс орталығына сала бойынша 206, консультация бойынша 913, барлығы 1119 өтініш тіркелген. Аталған орталыққа тұрғындар тарапынан түскен өтініштер аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің тікелей бақылауында. Қазіргі таңда өтініштер толығымен орындалып, ауданның көрсеткіші 100 пайызды құрауда. Жиын соңында әкімдік қызметкерлері бірқатар сұрақтар қойып, аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыбалды тұрғындардың коммуналдық, денсаулық сақтау, әлеуметтік және басқада салалар бойынша келіп түскен өтініштерін уақытылы орындау барысында тиісті жұмыстар жалғасатынын айтып, жиынды қорытындылады.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.



ТАСҚЫН СУДЫҢ ЕСЕБІНЕН ҚЫЗЫЛКӨЛ АРНАСЫ ТОЛУДА

Биылғы жылы қар мөлшерінен көп жауды. Бүгінде ауа температурасының күрт жылуы мен өткен апта соңында жауған жауын салдарынан сай-саладағы ағын су деңгейі артуда. Атап айтар болсақ, Төлегенсай, Асшысай, Сауранбайсай, Жидебайсай мен Жыланды сайларда еріген қардың салдарынан ағын су деңгейі артып, Үшбас өзеніне құйылуда. Қазіргі таңда арнасынан асқан Үшбас өзенінен мол су келіп, қызыл таулардың ортасында қалған, Қызылкөлге құйылуда. Мұнан бөлек «Бабата» су қоймасынан қашырқы каналдар арқылы аққан сулар да келіп қосылуда. Көп жылдан бері арнасы бұлай толмаған Қызылкөлдің қайырлары қалпына келіп, толқыны жағалуға келіп соғуда. Құмкент ауыл округінің әкімі Фани Пәрдебекұлы өз сөзінде биылғы қыста сай-салаға молынан түскен қар суларының нәтижесінде, көлге келіп жатқан су мөлшері жылдағыдан едәуір көп екенін айтып, бұл Құмкент ауыл округінің тұрғындары мен аудан халқы үшін қуантарлық жағдай екеніне тоқталып өтті.

АУДАН ПРОКУРОРЫНЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ЖИЫН ӨТТІ

Аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудан прокуроры Ержан Қожабековтің төрағалығымен жиын өтті. Жиынды аудан әкімі аппаратының басшысы Бакиров Абдухат ашып, жүргізіп отырды. Күн тәртібіндегі мәселе,



Қазақстан Республикасы Парламентінің мәжілісі мен барлық деңгейдегі депутаттарының 2023 жылғы 19 наурызға тағайындалған кезектен тыс сайлауын өткізу барысы жан-жақты пысықталды. Аудан прокуроры Ержан Базарбекұлы өз сөзінде аталған саяси науқанды заң талаптарына сәйкес өту керектігін ескертті. Сонымен қатар, барлық сайлау учаскелерінде мүгедектігі бар адамдарға қолайлы жағдай жасау мақсатында пандустар, токтилді жолақтар, сілтеуіштер, арнайы бұрыштармен қамтамасыз етіліп, толық жағдай жасалу керектігін айтты.

Аталған жиынға ауыл, кент округ әкімдері мен бірқатар бөлім, мекеме басшылары қатысты.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2023 жылдың 19 наурызына тағайындалған Созақ аудандық мәслихат депутаттығына тіркелген кандидаттар

| Тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) | Туған жылы | Атқаратын лауазымы (кәсібі), жұмыс орны және тұрғылықты жері | Округтік сайлау комиссиясы |
|---|--------------|--|--------------------------------|
| Қуанышбекқызы Айгүл | 16.01.1983 ж | "Армантай" бөбекжай балабақша жеке меңгерушісі | №9 округтік сайлау комиссиясы |
| Шаримбеков Думан Налибекович | 12.01.1986 ж | Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мемлекеттік мекемесінің "Ж.Қаламбаев" атындағы ЖОМ тәлімгер Созақ ауданы, Шу ауылы | №12 округтік сайлау комиссиясы |
| Дәрмеш Нұрдәурен Бижасаұлы | 09.02.1997 ж | Қыземшек кенті мәдениет үйі. Дыбыс операторы | №13 округтік сайлау комиссиясы |
| Сырғабаев Рулан Райсбекович | 11.10.1988 ж | Созақ ауданы, Қыземшек кенті №16 үй, №22 кв | №4 округтік сайлау комиссиясы |
| Куанышбаева Назира Асубаевна | 17.11.1970 ж | Маман. Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Абай елді мекені №61 | №1 округтік сайлау комиссиясы |
| Абдырахманов Бағдат Нуржанович | 06.09.1994 ж | "Балауса" бөбекжай балабақша әдіскері. Созақ ауданы Шолаққорған ауылы, Ә.Оспанов көшесі №58 | №13 округтік сайлау комиссиясы |
| Баймусаев Бақдаулет Курмашович | 29.07.1988 ж | Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мемлекеттік мекемесінің "Л.Бөкенов" атындағы ЖОМ мұғалімі Созақ ауданы, Қыземшек кенті 1 ықшам ауданы №19 кв 28 | №4 округтік сайлау комиссиясы |
| Сапарбаев Рыскелді Ұнсарыұлы | 05.02.1973 ж | "SK Тенгри Холдинг" ЖШС директоры. Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Аймұрзаев көшесі №20 | №6 округтік сайлау комиссиясы |
| Пернебай Балгерім Бауыржанқызы | 01.11.1996 ж | "Камила РБР" ЖШС директоры. Созақ ауданы, Жартытөбе ауылы, Т.Әлімқұлов көшесі №26 | №9 округтік сайлау комиссиясы |
| Кабылбеков Елдос Кабылбекович | 13.10.1982 ж | Жұмыссыз. Созақ ауданы, Созақ ауылы, Жаңа құрлыс №26 | №5 округтік сайлау комиссиясы |
| Ибраймов Руслан Максұтбекович | 26.01.1990 ж | "Дархан -АС - ӨК" -нің өндірістік директоры. Созақ ауданы Шолаққорған ауылы | №11 округтік сайлау комиссиясы |
| Сейілбеков Нұрбек Ермекұлы | 17.10.1978 ж | "Ақ - Нұр" балабақшасының құрылтайшысы, Созақ ауданы, Раң елді мекені | №6 округтік сайлау комиссиясы |
| Сағындық Ернар Құралбекұлы | 03.05.1983 ж | Аудандық "Мыңжылқы" мәдениет үйінің директоры, Созақ ауданы, Аққолтық елді мекені, Қ.Әлібиев №19 | №7 округтік сайлау комиссиясы |
| Төлепбергенұлы Олжас | 21.08.1994 ж | "AMANAT" партиясы Созақ аудандық филиалының төрағасы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, С.Тоқпанбетов көшесі №9А | №7 округтік сайлау комиссиясы |
| Қосанов Ғалымжан Төленбекұлы | 01.09.1984 ж | "Жастар ресурсы орталығы" КММ директоры, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, А.Иманов көшесі №7 | №6 округтік сайлау комиссиясы |
| | | ГКПП Шолаққорған су операторы, Созақ ауданы, Бабата елді мекені | |

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

Өлімнің аты өлім, Тойдың жөні бөлек...

Бірде бір әріптесім маған сұрақ қойды (документальды түсірілімде). Майусова Нұржамал болып қалыптасуыңызға не себеп, Майусова Нұржамал кім? деді. Мен іркілместен жауап бердім. Майусова Нұржамал бірінші кезекте-Әбекеңнің қызы. Ия, мені үлкен кісілер Әбекеңнің қызы дейтін, дейді. Әкемнің аты Әбілжан, анамның аты Анар. Бүгінде әкем де, анам да бұл өмірде жоқ. Алты ұл, алты қызды дүниеге әкеліп парасатты тәлім тәрбие берген ата анам менің пайғамбарларым. Мен үшін...

Әке-шешен өлсе де, жаныңда жүрмесе де ол сенің мәңгі жүрегіңде тұрады. Осыдан он төрт жыл бұрын әкеміз дүние салғанда, үлкен бір алып тауымыз жарылып, құлап түскендей күй кештік. Жарық дүниеге келіп, ес білгелі, үйде көз алдында жүрсен де, есейіп сыртқа кетсең де, үнемі баурыңды да, жоғыңды да түгелдеп, жөн сілтеп отыратын әкеден бір күнде айырылып қалу ешкімге оңай тимесі анық. Қайғыдан қан жұтып, жан дүниені құлазып отырғанда, мұсылман болған соң келімді, кетімді адамдар басу, жұбату айтып, көңіл айтады. «Әкелерің жақсы адам еді. Бәріңді оқытты, жақсы тәрбие берді. Иманды болсын. Қаза қайырлы болсын. Қалған ұрпағы сендер аман болыңдар... Тағы басқа» Әйтеуір қаза болған жерде көңіл айтылып жатады. Бірақ, «Жыламаңдар, әкелеріңдікі той...» деп те айтып қалып жатты. Осы сөз жаныма түрпдей тигені рас. Бар жоғы 73 жасында кетіп отыр. Тойы несі.

Өлген адамның артында қалған ұрпағы да тірі болғандықтан тіршілігін жасай береді. Өмір жалғаса береді. Оның үстіне анамыз тірі отырған соң көп нәрсеге аса мән бермедік. Әкемізді жоқтап жыладық, қайғырдық, өкіндік, еске алдық. Ет жақын ағайын жабылып, жиылып қара жердің қойнына тапсырдық. Анаң тірі отырғанда, әкенің жоқтығы, қайғы мұң тез сөйледі екен. Анам тірі ғой деген медет, үміт, шүкіршілік жаралы жан дүниеге жамау болады. Ал өткен жылы, дәл осы қақаған қаңтардың соңғы күні қабырғамызды қатты қайыстырып жіберді. Анамыздан айырылды. Өз аяғым жүріп тұрып жүрген анамыз сексен үш жасында көз алдымызда кете барды. Тағы да жиын. Алыс жақын кеуілде, тілеулес жандар келіп, көңіл білдіріп, басу айтып, жұбатып жатты. Бәрі дұрыс. Десем де, ара арасында «Болды сабыр қылыңдар. Аналарыңдыкі жақсы өлім. Төсек тартып жатқан жоқ. Ақ өлім. Аналарыңдыкі той». Осы сөздер жаныма қатты батты. Айналайын ау, «Жақсы өлім», «Ақ өлімі» несі?». Өлімнің де жақсысы болады ма екен. Қан жұтып, қара жамылып, қайғырып отырған шаңыраққа «Той» деген сөз түрпдей тиетіні анық. Өлімнің аты-өлім. Тойдың жөні бөлек. Еш уақытта өлікке барып отырып, мейлі ата анасы жүзден асып жатса да, «Сіздердікі той» деп басу айтпасын деп іштей түйіп, түйілдім. Жалпы, көңіл айту деген дұрыс қой. Дегенмен, ойланып айтқан жөн шығар.

Айта берсең сөз көп. Бірақ бүгінгі қоғамда қым қиғаш көзқарас, пікір көп. Әркімнің «Өзім білем» деген қағидасы бар. Бала күнімізде біздер өлген жерге бармайтынбыз. Ата анамыз өлген жерге ертіп

бармайтын. Тіпті үйден өлік шыққанда да майда балаларды шығармайтын. Мейлі балалар. Тіпті жастар да өлік шығып жатқан үйге жиналмайтын.

Қазір байқаймын үлкен кіші демей, алыс жақын демей ақ, өлген жерге бәрі шұбырып барып жатады. Тіпті жақындығы болмаса да, өлген адамдардың жетісін, бейшембіліктерін, барлық құран жиындарды түгелдеп барып жүретін адамдар болады. Өлім деген айт ия болмаса той емес қой, қызықшылық қой деп бара беретін. Жаназа шығатын жерде у да шу, қыз қыз жеңіл әңгіме, күлкі. Біреулер бір жағынан қайғыға батып, жылап, ата анасын, бауырын қара жерге шығарып салып жатады. Ал енді біреулер бөлме бөлмеде отырып, ас ауқат күтіп, бір бірімен жөн, жағдай сұрасып, әңгіме дүкен құрып отырады. Ең болмаса, өлген адамның жаназасы шығарылып, қара жерге мәйітін қойғанша сабыр сақтап, қазаның үрметіне құрметпен қараған жөн шығар деп ойлаймын. Мәйітті үйдің қақпасынан алып шығар шықпас, «Ойбай адамдар күтіп қалды...» деп табақ тартып, теберік таратып, оған таласып, азан қазан жан түршігерлік жағдай басталады. Тіпті, анаңның өлгеніне сенер сенбесіңді ойлап, қайғырып, мең зең күйде отырсаң «Пәленшеге дұрыс табақ тартылмапты, дұрыс жілік қойылмапты. Болмаса теберік жетпейті» деген түрлі хабар келіп жатады. Сонда кейбір адамдар жаназаға келіп отырып, не ішіп, не жеп, не алғанын айтып кете ма. Бұл енді ұят. Ұяттан безгендік болар.

Жасыратыны жоқ, қанша жерден қайғы жұтып отырсаңда, келген тілеулес жұртқа дәм беру дәстүріміз. Өзіміздің басымыздан да өтті. Бір жағынан анамызды жоқтап қайғырсақта, екінші жағынан дастарханмен алысып жүресің. Бұл барлық адамның басынан өтеді.

Анамның ортамыздан кеткеніне жыл болса да, көңілімнен шықпай қойды. Өлгеніне сене алмадым. Алғаш кезде бейсенбі сайын «бейшембілік» береміз деп ауылға асығатынбыз. Ауылға барсам анам тіріліп келетіндей. Анамызды тірідей көретіндей құран десе шауып бара беретінмін. Енді мінеки жыл өтті. Анамды енді еш уақытта қайтып көрмейтініме көзім жетіп, көңілім сүй бастағандай. Анаң отырғанда мереке сайын, не болса соны сылтау қылып қара шаңыраққа жинала беретінбіз. Бүгінде ауылға баруымыз сиреді. Шаңырақтағы інім мен келінім керемет жандар. Келіп тұрсаңдаршы деп шақырып тұрады. Бірақ, Бірақ, Анаң болмаған соң барғың келмейді екен. Бауырың үшін барасың анда мұнда. Бірақ анаң болмаған соң ол үйге қалай болса солай бара беру тоқтайды екен. Өйткені, ата ананың орны бөлек. Олардың көзі кеткеннен кейін, бәрі өзгереді. Еркінсуің тыйылады.

Ардақты ағайын! Ата аналарыңыз, балаларыңыз, ет жақын бауырларыңыз аман жүрсін. Мен әр күні Алладан сұрайтыным «Пендем десең жер бетіндегі барлық адамдарды аман қылшы». Өлім ол еш уақытта той болған емес, болмайды да. Ойланып сөйлейікші. Аман болайық.

Нұржамал МАЙУСОВА,
журналист.



Биогумус- құнарлы жер мен нәрлі тағам кепілі

Қаңтардың 31 күні аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің мәжіліс залында «SozaqVerm» ТК мүшелерінің басқосуы болып өтті. Жиында кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы Ақбергелі Аманәліұлы мен Түркістан облысы «Атамекен» ҰКП-ның ауданымыздағы филиалының директоры Арман Анарбаев қатысып отырды. Созақтық вермифермерлердің семинарларын күн тәртібінде қаралған мәселелер мыналар:

- «QazVerm» ТК-ның Созақ ауданында өкілеттігін, яғни, «SozaqVerm» ТК (тұтынушылар кооперативін) құру;

- «QazVerm» ТК-ның ұсынысымен мемлекеттен қолдау тауып, елімізде биылғы жылы жүзеге асып жатқан ауыл шаруашылығы өнімдерімен айналысушы диқан-дардың екеңкі отырған көкөністері мен бақша өнімдерін және өндіріс дақылдарын субсидиялаудың пилоттық жобасын түсіндіру;

- «QazVerm» ТК-ның басқару жүйесін ауданымызда вермифермерлік (калфорниялық қызыл құрт асырап, биогумус өндіру) бағытында жұмыс жасап жатқан кәсіпкер азаматтар арасында насихаттау;

Жиылған көпке күн тәртібіндегі осы екі мәселені «QazVerm» ТК-нің басшылығы Созақ ауданына жергілікті вермифермерлердің ұсынысымен Магистр етіп тағайындаған «SozaqVerm» ТК-ның құрылтайшылары Данияр Бек пен Оңалұлы Жолдас түсіндіріп берді. Жергілікті вермифермерлер де күн тәртібінде қаралған мәселелерді қолдап, жарыс-сөздерге шығып, өздерінің сауалдарын берді және ұсыныс-пікірлерін де білдіріп жатты. Нақтырақ айтсам, бірінші мәселе бойынша жергілікті вермифермерлер ауданымызда «QazVerm» ТК-нің өкілеттігін ретінде «SozaqVerm» ТК құруға қарар алды. Себебі, қазіргі мүшелерінің саны 2000 нан асып отырған «QazVerm» ТК-ның жұмыстарын өңірлерде сапалы жүргізудің бірден- бір тиімді жолы осы болып отыр.

Сонымен, күн тәртібіне қойылған екінші мәселе бойынша «QazVerm» ТК ұсыныс жасап, мемлекет тарапынан отандық диқан-дарды биогумус бағытында субсидиялаудың пилоттық жобасы 2024 жылдың соңына дейін жүзеге асатын болды. Елімізде енді- енді қолға алынып жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін құнарлардырудың осы бір озық түрін, яғни, органикалық тыңайтқыш түрі «Биогумус» (вермикомпост) өнім-дін диқан-дардың арасында кеңінен насихаттап, өндіріске енгізу қолға алынып жатыр. Пилоттық жоба аясында егер диқан-дар 1 литрі 100 теңге тұратын биогумус өнімінің құрғақ және сұйық түрлерін мысалға 150 мың түнге көлемінде сатып алатын болса, соның 50 пайызын (75 мың) мемлекет субсидиялап береді. Ал енді, елімізде алғаш рет жүзеге асқалы отырған осы бір пилоттық жоба өз нәтижесін беріп жатса, мемлекет келесі жылдан бастап органикалық тыңайтқыштың осы түрін өндіріске кеңінен енгізіп, толықтай субсидиялауды жоспарлап отыр. Осы ретте, ауданымызда ауыл шаруашылығымен айналысып келе жатқан диқан-дар арасында тыңайтқыштың осы түрін және пилоттық жобаны насихаттау да жергілікті биліктің қолдауын көріп отырғанымызды да айта кеткеніміз жөн шығар.

Ал енді, күн тәртібінде қаралған үшінші мәселе «QazVerm» ТК-ның басқару жүйесін вермифермерлер арасында түсіндіру жұмыстары болатын. Бұл басқару жүйесі «QazVerm» ТК-ның тарапынан таңдалып алынған әлемде кеңінен қолданылып жүрген озық тәжірибелердің бірі. Мәселен, осы вермифермерлік кәсіп қыламын деп ниеттенген адамды «ассистент» деп атайды. Ассистент өз кезегінде өзі қызыққан кәсіптің қыр-сырын үйрену үшін өзінен бір саты жоғары тұратын «Мастер»-ге жүгінеді. Мастер өзіне келген ассистентке вермифермерлік кәсіп жайлы толыққанды мәлімет беріп, оның осы сала бойынша білім алып, тәжірибе жинақтауы үшін

бар күш-жігерін жұмсайды. Ассистентті бір вермифермерге қажетті білімді жинақтауға ау дегенде оның әрі қарай өсігінің алдына немесе өкілеттік («SozaqVerm» ТК) бекітіп берген шаруашылық жеріне компост (төрт түлік малдың көңі мен сабанның араласып, су немесе ЭМБАКТЕРИЯ құйылған және толықтай ферментациядан өткен өнім) жасап немесе ағаш не темір жәшіктерге салып, оған шылауынды жіберуін қадағалайды. Әрине, ол үшін ассистент ол үшін шылауынды (калфорниялық қызылқұрт) сол өз мастерінен сатып не келісімменен қарызға алуы тиіс. Мұнан соң жұмысқа «Ментор» араласады. Ментор-магистрдің үстінен қарап, мастер мен ассистенттің компост жасаудан бастап, оған шылауынды жіберу және мұнан кейінгі жұмыстардың бәрінде өзінің алған білім білігімен бөлісіп, тәжірибесінен пайдаландырады. Сөйтіп, өзі секілді менторлық дәрежеге көтереді. Сондай-ақ, ментордың үстінде «Магистр» болады. Магистр «QazVerm» ТК-ның өңірлердегі өкілеттіктерін басқарады. Бір сөзбен айтқанда, астындағы ассистент, мастер және менторларға кәсіптерін дөңгелетуге қажетті бүкіл жағдайды жасайды. Мәселен, жергілікті билікпен келісіп, индустриалды аймақтан жер алып, оған инфрақұрылым жеткізіп беру. Қоймалар салып беріп, қажетті техникалармен қамту. Дайын болған өнімдерді «QazVerm» ТК-не өткізуге дейінгі аралықтағы барша жұмыстарды ұйымдастырады. Осы ретте, Созақ ауданының венмифермерлері өңір магистрлері ұсынған ментор және мастерлердің кандидатураларын қолдап, бірауыздан дауыс берді.

Жиын соңында «SozaqVerm» ТК-нің мүшелерін құрушылар алдағы уақытта атқаратын жұмыстарының жоспарын жасап, әрқайсысы өзіне тиесілі міндеттемелерін бекітіп алды.

Данияр БЕК.

Созақ көтерілісі

Қызыл кеңес мемлекетінің тізеге салған зорлықшыл саясаты халықтың ашу-ызаға толы қарсылығын туғызбай қоймады. Жұртшылықтың арасында режимге қарсы бой көрсетуден тайынбай-тындар көбейе түсті. 1929-1931 жылдарда шаруалардың 380 рет бұрқ ете қалған бүлігі мен көтерілісіне 80 мыңға жуық адам қатысты. Солардың ең ірісі Созақ, Адай, Ырғыз бас көтерулері еді. Бәрі де қызыл армияның қарулы әскерінің күшімен аяусыз басып жаншылды.

1930 жылдың наурыз айында Қазақстанды сол кездері басқарып тұрған Ф.И.Голощекин И.В.Сталин-



мектебінің оқушылары қатысты. Жиынды музей басшысы Н.Дүйсенбек ашып, көтерілістің өлке тарихында айрықша орнына тоқталып, оны танытып, насихаттаудың маңыздылығын атап көрсетті. Тарихшылар терендеті әңгіме қозғап, көтерілістің тарихы жайлы ізденіс-зерттеулерін ортаға салды. Нақты деректер келтіріп, тың мәліметтер ұсынды. Өз кезегінде сөз алғандар қасіретті кезеңнің зардабы, көтерілістің мәні-мағынасы жайлы пікірлерімен бөлісті. Қатысушылар назарына көлемді көрме-экспозиция ұсынылды. Сөз соңында аудан басшылығына, аудандық мәслихатқа айтарым

Аласапыран жылдардың ақтаңдақтары

ге жазған жабық хатында былай дейді: «... Ақпанда біз үш ірі бұқаралық қарулы көтеріліске кездестік. Біріншіден-Сырдария округінің Созақ ауданында. Аудан малды, рулық қатынастар өте көп сақталған. Дінбасылардың ықпалы күшті және Ташкенттегі ұлтшыл басшылықпен тығыз байланыста. Партия-совет жұмысының әлсіздігі және бұрмалаулар белең алып кетті. Бұл көтеріліске мынадай жағдайлар тән: көтеріліс басшылары бір ауғандық қатысқан байлар және ишандар: мұқият жұмыстарын дайындай екі айдан астам уақыт жүргізген. Көтеріліске халықтың көпшілігі тартылды, оларға аудан коммунистерінің едәуір бөлігі де қосылды. Ұйымдастыру ұраны діни: «Алланың атынан!», «Байларға қарсы совет заңдарын қолдануға тиым салу» болды. Армияны рулық принциппен, әрбір қатысушылар рубасы байлардың қолдауымен ұйымдастыру, әскери шайқастағы жанқиярлық. Біздің жағымыздан 50-ге тарта адам өлді және азапталды. Олар жағынан 400-ден астам шығын бол-

ды. Олардың жағынан басқа аудандардың халқын тартауға байланысты жүргізілген көп жұмысты біз дер кезінде бөгедік. Бұл бандиттік бас көтерулерді біздер жойып жібердік. Бұл аудандарға ұйымдастырушылық және бұқаралық жұмыстар жүргізу үшін көптеген қызметкерлер жөнелтілді» дейді. Көтеріліс кезінде оққа ұшқаннан бөлек, қолға түскен 500-ден астам адам сотсыз атылған. Кеңес үкіметі Созақтың халқын ғана жазалап қоймай, аудан орталығын Шолаққорғанға 1934 жылы біржолата көшіріп жіберіп, қара жерді де соттаған. Мұндай сорақы тірлікті Созақтан басқа кім көрді? 1930 жылы 7 ақпанда Сырдария округінің Созақ ауданында Кеңес өкіметіне қарсы көтеріліс басталды. Екі айдан астам созылған көтерілісте Созақ тұрғындары Кеңес үкіметінің зорлық-зомбылығына қарсы әділдік пен азаттық үшін күресті. Бұрынғы байлар тәркіленіп, ол кезде бай дейтін ешкім қалмаған. Сондықтан «Байлардың құйыршығы» деп олардың туыстарын, орта шаруаларды қудалай бас-

тайды. Созақ қыстағының қасындағы «Дуана» деген жерге айналсын терең етіп ор қазып, түрме жасап, онда салықты дер кезінде өтей алмағандарды қамады. Мұндай лагерьлер басқа жерден де ашыла бастайды. Мешіттер жабылып, қоймаларға, мал қораларға айналады. Аштыққа, зорлық-зомбылыққа шыдамаған халық көтеріліске шығады. Көтерілісті Сұлтанбек басқарды. 7 ақпанда көтерілісшілер Созақ ауданының орталығын алды. Милиция қарусыздандырылды. Кеңес үкіметінің іс-қағаздары өртелді. Көтерілісті басуға Алматы, Түркістан, Шымкент қалаларынан коммунистік отрядтар мен ОГПУ-дың күштері жіберілді. Созақтың оңтүстігіндегі 40 шақырымдай жердегі Тассарай шатқалында бірнеше күн шайқас болады. Пулеметпен, винтовкалармен мұздай қаруланған отрядтар және оларға көмекке келген Орта Азия әскери округі әскерлерінің күшімен көтеріліс аяусыз басылып-жаншылды. Шайқастан тірі қалып, қолға түскен 311 адам қылмыстық жауапқа тартылды. ОГПУ

үштігінің үкімі бойынша 68 адам ату жазасына кесілді, 152 адам 10 жылға дейін түрмеге қамалды, 21 адам Сібірге жер аударылды. 1 адам басқа өңірлерге жер аударылды. Жазалаудан қашқан қаншама адам босып кетті. Бұл жалаң деректердің ар жағында қаншама отбасының қасіреті мен қайғысы жатыр. Созақ қасіреті ешқашан ұмытылмақ емес.

7 ақпан күні С.Қожанов атындағы аудандық музейде «Созақ көтерілісі. Ақтаңдақтар ақиқаты» атты дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға таныл тарихшы-ұстаз, Созақ мектеп-гимназиясы директорының орынбасары Н.Сейітмаханұлы, шежіреші қаламгер Р.Жаппарқұлов, ардагер ұстаз сол қуғынның құрбаны болған Иманбектің немересі Мұхаммед-Әли Иманбеков, журналист С.Теңізбаев, Түркістан облысы бойынша саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі жұмысшы тобының мүшесі М.Қарғабай, аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінен Е.Досболлов, аудан орталығындағы мектептердің тарих пәні мұғалімдері, А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта

алдағы уақытта келе жатқан «Созақ көтерілісінің 100 жылдығы» еске алу шарасына орай ауданда «Созақ қасіреті» деген сол жылдардың қасіретін айғақтайтын үлкен, әрі биік мемориал тұрғызылса, онда қуғын көргендердің есімі жазылса. Өйткені бұл көтеріліс қасіреті бір рудың ғана емес барлық созақтықтардың қасіреті. Және ауданымызда «7 ақпан» күні аза күні болып белгіленсе бұл дегеніміз ата-баба рухына зор тағзым, кейінгі ұрпаққа өшпес өнеге болар еді.

Өткен жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау үшін Мемлекеттік комиссия құрылды. Солақай саясаттан жапа шеккен қазақстандықтарға қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіру үшін әрбір облыстарда саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі жұмысшы тобы құрылып орасан жұмыстар атқарылуда. Жоғарыда айтылған ұсыныстар Президент айтқан тапсырмалардың орындалуына зор үлес қосқан болар еді.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Жақында Шолаққорған ауылы аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайында Созақ ауданының құрылғанына 95 жыл толуына орай «Әнім сенсің –туған ел!» атты жанды дауыста ән кеші болып өтті. Ән кешінің шымылдығын аудандық әжелер алқасының төрайымы М.Қайыржанова жетекшілік ететін, облыстық байқаудың жүлдегері «Сырлы Созақ» ардагерлер хор ұжымы ауданымыздың танымал сазгерлері Я.Амандықов пен Ә.Нысанбайдың «Қаратауым», «Туған жер» әндерімен ашып берді. Мәдени шара барысында жергілікті сазгерлер Ә.Нысанбайдың «Ауылым- ақ бесігім» әні мен М.Балаубековтың «Асыл мекен» әнін М.Бейсенова нәшіне келітіре орындаса, Н.Байтуаровтың «қалықтап ұшқан ән едің» әнін «ҚР Мәдениет саласының үздігі» Р.Баймұратова, М.Байыстың «қаракөз қарағым-ай» әнін Т.Созақбай, А.Бажанованың «жалғыз досым» және «Жүрегімнің ішіндегі жүрегім» әндерін А.Әлқуат, М.Омаровтың «Анашым» әнін скрипка аспабында А.Абдрахова, М.Қойшыбаевтың «Аққулардың арманын» Д.Тұрсынбаев, Ә.Нысанбаевтың «Тырнарлар тізбегі» әнін Б.Өсербай мен М.Тоғысов, Б.Қошқарбаевтың «Асыл жарым», «Достар» әндерін Б.Өсербай, М.Омаров «Алғашқы махаббатын» Б.Орынбасарұлы, А.Ба-

«Әнім сенсің-туған ел!»



жанованың «Қош махаббат» әнін Д.Шамшиддин, Ә.Нысанбаев «Бала ғашық» әнін М.Тоғысов, М.Омаровтың «Ақ қайың бүршік жарғанда» әнін «Созақ» триосы мен Б.Орынбасарұлы тамылжыта орындап, көпшіліктің қошеметіне бөленді. Ән кешін А.Нұрсейітовтің «Созақ деген елім бар» әнімен «Мыңжылқы» мәдениет сарайының өнерпаздары қорытындылады. Ән кеші аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайы директорының міндетін уақытша атқарушы

«ҚР Мәдениет саласының үздігі» Қ.Момыновтың бастамасымен өтті. Ауданның 95 жылдығына арналған осы ән кешіне ауа-райының салқындығына қарамастан өнер сүйер қауымының өкілдері мен ауданның ардагер азаматтары да көптеп қатысты. Залды жиналған көрермендер қошеметінен біз жерлестеріміздің жергілікті сазгерлердің ән-жырларына деген сүйіспеншілігі мен сағыныштарын сезгендей болдық.

Осы орайда ауданда мәдени іс-

шаралардың өтуіне ықпал болып, жоғары деңгейде өтуіне еңбек етіп жүрген аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайының жас маманы, облыстық, республикалық байқаулардың лауреаты А.Әлқуаттың да еңбегі зор екендігін айта кеткенді жөн көрдік.

Тарихи мұра мен мұрағаттарға бай табиғи таланттар өлкесіндегі мәдениет орталығында өз өнерпаздарымызды қолдап-қошеметтеп отыратын көрермендер көп болса деген ниеттеміз. «Тәрбие тал бесіктен» дегенді ескерсек, аудан жастарының мәдениетіне ықпал етіп, рухани азық беретін, азаматтық мінез-құлықтарды қалыптастыратын, жастарды патриоттық рухта тәрбиелейтін осындай іс-шараларға мәдениет орталығы ғана емес, білім ошақтарының да атсалысуы қажет-ақ.

Теріскей- әуел бастан өнерпаздарға бай өлке. Талай таланттың әуезді әуендерін тұшына, жанды дауыста тыңдаған көрермендер ән кешінен үлкен әсер алып, тарастан.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Саға апайдың саға жолы

(Соңы. Басы өткен санда).

Мен оған тек 10 класта сабақ бердім. Оның бұндай қабілетінің бар екенін байқамадым. Үндемей артқы партада отыратын. Құдағиларым (құдаларым) бұрыннан араласып жүрген кісілер болды.

1987 жылы совхоз директоры Жауғашты Садырханов пен парторг Төлбаев Жанәділ екеуі мені шақырып маған сол кездегі (қазіргі) «Балдырған» бала бақшасына меңгеруші болып баруымды ұсынды. Ол кезде бала бақша совхозға қарайтын. Алғашқыда жүрексіздім келісім бермедім. Екінші рет тағы да айтқан соң келісім бердім. Бақшадағы үлкен (ересектер) тобын орыс тілін өзім жүргіздім. Осылай 4 жыл істедім. Кейін егемендік алып совхоз тарап бала бақша жабылды. Мектепке қайтып келуге тура келді. Сол кездегі мектеп директоры Созақбай Асқанбеков (өз оқушым) қуана қарсы алды. Бүгін «Созақ үні» газетінде журналист Мақсат Қарғабайдың Жұмаділда Ерімбетов туралы жазған шағын очерк мақаласын оқып, біраз нәрселерді еске түсірдім. Себебі Жұмекең Құмкентте директор болды. Жұбайы Нұрзейін апай мектепте орыс тілінен сабақ берді. Өте сабырлы ақылды кісі болатын. Көпекең Жұмаділда ағаны үйге шақырып көп әңгімелесетін. Сол кездің өзінде байқағаным екеуі бір-бірін жақсы түсінісетін. Апаиды жақсы көргендіктен мен бір қызымның атын Нұрзейін деп қойдым. Осы кітапшаны Ұлпан келінім әкеліп беріп-апа өткен өмірдің елеулі шақтарын, еске түскенін жаза беріңіз,-деді.

Тоқсаныншы жылдардың соңы болуы керек. Шымкент қаласында әр ауданнан ұйымдастырылған жан-жаньялық өнерпаздар сайысына қатысты жарыс өтетін болды. Соған ауыл әкімдігі біздің жанжымызды дұрыс деп тауып, Шолаққорған мәдениет үйінен қыздар келіп бізді сол жарысқа дайындады. Жарыс 6 (алты) номинация бойынша өтті.

Ержанның келіншегі Аманкүл «Фариза» деген әнді айтты. Қайыным Қамбар сол әнді айтып болғанша Фаризаның суретін салды. Аманкүлдің (Ержанның) қызы Сағыныш Фариза туралы өлеңнен бір үзінді оқыды. Өте тамаша шықты. Бірінші хор ұлттық әннен болды. Хорға Күләйша, Аманкүл, Жиен бала Ғалымжан, Қамбар, Сағыныш қатысты. Мен баянда сүйемелдедім. 15 (он бес) ауданнан жанжалар қатысты. Жюри мүшесінің басшысы белгілі жазушы Мархабат Байғұт аға болды. Біз осы жарыста екінші орын алдық. Бұл жарыс совхоз атына үлкен абырой әперді. Ол кезде ағам (Файз аға) бар болатын. Ол кісі көрініске қатысты.

Бүркіт Арынбековтің «Қош бол, қандауыр» атты кітабын оқып отырып, апам Әселдің ағасы Ахмет төренің баласы Мұханбедия (біз Мұхатай дейтінбіз) туралы ойымды жазғым келді. Ахметов Мұханбедия Ахмет-Төре профилактикалық медицина және тамақтану кафедрасының профессоры, «Астана медицина университети» АҚ мемлекеттік тіл және тіл саясаты бөлімінің басшысы, ҚР Үкіметі жанындағы мемлекеттік терминология комиссиясының мүшесі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Мұханбедия менімен жасты 1946 жылы туылған. Бірақ мені жеңеше дейтін. Көпекең үлкен болғасын солай атайды. Мұхамедия Бүркітпен бірге Ленгерде медучилищеде бірге оқыған. Кейін оқуын жалғастырып Алматыдағы институтта оқыған. Академик Төрежелді Шармановтың қарамағында шәкірті болған. Содан соң Москвада білім жетілдіру саласындағы академияда білім алған. Мұхатай тілге де бай емшілік қасиеті де



аңыз болған дәрігер. Теледидардан талай өткізілген әртүрлі тақырыптағы әңгімелерге қатысып, өз білімін жоғары дәрежеде көрсете білді. 4 қыз, 1 ұлы бар еді. Ұлы 9 жаста өмірден өтті.

Мұхатайдың өлең жазатын қасиеті де болды. Айтысқа да қатысып өзін жоғары дәрежеде көрсете білді. Мұхатайдың маған сыйлаған «Қазақтың коды» деген кітапшасын оқып отырып оның білімінің өте жоғары дәрежеде екеніне таң қалып көзім жетті. Мұхатай бүгінде аспирантурада ұстаз. Профессор. Еліміздің астанасы Астана қаласында тұрып жатыр. Жігіттің бұндай жан жақты қасиеттерін бағалап демеу көрсеткен келінім Гүлкекеңнің де еңбегі зор, білемін.

Қай жылы екені есімде жоқ Файз ағам (қайнағам) 80 жасқа толған құрметіне ауылда кішігірім той болды. Соған Шота Уәлихан және Асанәлі Әшімов келді. Ағам Шотамен бұрыннан таныс еді. Осы тойға ауданнан ауылдан біраз кісілер қатысты. Шота жұбайымен келді. Аты есімде жоқ айтқан еді. Ауданнан Омбаев бастаған біраз кісілер болды. Қайыным Пәрдебек Сақтапбергеновте болды. Ағамның барлық ұл-қыздары жан жақтан келген. Кешке үйде шағын отырыс болды. Ағам балаларының бәріне гитара, домбыра тартқызып, өнерлерін көрсетті. Мен үндемей шай құйып отырғанмын. Себебі, осы жылы жолдасым Көпжасар қайтыс болған еді. Шота менің үндемей отырғанымды байқады ма «Келін сенде өнер жоқ па?» деді. Қайыным Пәрдебек: «Ой, апай бар инструментте ойнайды» деді. Үйде баян, жоқ, мандолин жоқ еді. Домбырамен Ахмет Жұбановтың «Би» күйін тартып бердім. Шота ата ырза болып, «Бар өнер сендерде екен ғой»-деп ризашылығын білдірді.

Студент кезімізде атақты адамдармен, әртістермен кездесу көп болатын. Біздер Москва артистері Юрий Гуляевтің, Лев Лещенконың концерттеріне барып демалып қайтатынбыз.

Сол сияқты композитор Анна Пахмутовамен кездесу болды. Институтта сол кезде хор болатын. Бұл хорда военный (әскери) тақырыптағы әндер орындалатын. Бұл мен үшін үлкен көмек болды. Ол кезде әдебиетте көбіне әскери тақырыпта әндер болатын. Маған бұның көп көмегі тиді. Өзім аспаптармен сүйемелдеп осы әндерді балаларға үйреттім. Балалар қызығына тыңдайтын. Сол әндердің ішінде ең балаларға ұнайтын әндер «Священная война», «Букенвальдский набат», «Катюша» және тағы басқа әндер болатын.

Бухенвальдский набат
Люди мира будьте зорче вдвое
Слушайте гудит со всех сторон
Это раздается в Бухенвальде,
Колокольный звон
Звон плывет над всей землей
И гудит взволновано эфир.

Люди мира будьте зорче вдвое
Берегите
Берегите мир

Осы өлеңді тағы 3-4 әскери тақырыптағы әндерді литомонтаж жасап, оқушылардың жанды дауысын магнитофонға басып, Шымкент қаласындағы педоқуға апарып өте жақсы деген марапат алдым. Бұл мен үшін үлкен қуаныш болды. Бұл ауыл балалары үшін үлкен сый болатын. Ол кезде магнитофон біреуде бар, біреуде жоқ кез болатын. Маған анам ауылдың жағдайын білетіндіктен сатып алып берген.

Қай жылы екені есімде жоқ біздің мектепке Марияш Тоғызбаева деген жас мұғалім қыз келді. Ол біздің мектепке завуч (оқу ісінің меңгерушісі) болып келді. Біз оны алғаш көргенде көп мұғалімнің бірі деп аса мойындай қоймадық. Бірақ ол біз ойлағандай болмады.

Ол өз жұмысына қатал, тиянақты талапшыл болып шықты. Мұғалімдердің сабағына кіріп өз пікірін айтып сын-ескертпелер жасады. Бір күні менің 9 кластағы сабағыма кірді.

А.Пушкиннің өмірі және «Узник» деген өлеңнің мазмұнын түсіндіріп жатқа айту керек. Мен ақынның өмірбаянын түсіндіріп, өлеңді өзім жатқа айттым. Өлеңнің мазмұны мынадай еді.

Сижу за решеткой в темнице сырой,
Вскормленный в неволе орел молодой.

Мой грустный товарищ махая крылом,
Кровавую пищу клюет под окном...
Өлеңді балаларға мазмұнын түсіндіріп оқыттым.

Марияш сабақты өте жақсы деп бағалады. Содан кейін де сабақтарыма қатысып жүрді.

«Молшылық үшін» газетіне мен туралы «Білімнің нәрін сеуіп» деген мақала жазды. Маған «Апай оқыдыңыз ба?» деп сұрап мен оған рахметімді айттым. Көбекеңді «ағам нағыз Бауыржан Момышұлының өзі ғой» деп сыйлайтын. Кейін 2-3 жылдан соң аудан орталығы-Шолаққорғандағы Ы.Алтынсарин мектебіне ауысып кетті. Пенсияға шығыпты, аудандық газетке мақалалар жазып тұрады. Оқып отырып риза боламын.

Мен 1989-1992 жылдар арасында бала бақшада меңгеруші болып істедім деп жоғарыда айтып өттім ғой. Сол жылдары маған совхоздағы әйелдер комитетіне жетекшілік қызметін де тапсырды. Әйелдер комитетін құрып біраз жұмыстар атқаруыма тура келді. Совхоз басшыларының қатысуымен «Ана-өмір жүрегі» атты кеш өткіздік. Батыр аналарға совхоз атынан сый-сияпаттар тапсырып соңынан аналар өздері концерт қойды. Жаңа жылда аналарды күтіп батыр аналардың қатысуымен сахнада «Голубой огонек», «Көгілдір от»

сияқты қойылым өткізілді. Аналар өздері ән айтып, би билеп өте көңілді болды. Есімде қалғаны Қызылкөлде тұратын Қымқаш апа тамаша өнер көрсетті. Осы сияқты мереке күндердің бірінде аналарды құрметтеп әртүрлі қойылымдар өткізетінбіз.

Есіме түскен тағы бір оқиғаны айтқым келеді. 1983 жылы біздің жаңадан салынған мектебімізге Алматыдан бір топ мұғалімдер тәжірибе алмасу үшін келді. Оларды басқарып Алматыдағы №12 қазақ орта мектебінің директоры Социалистік Еңбек Ері, ұлағатты ұстаз Рафиқа Бекенқызы Нұрғазина келді. Келген соң әр қайсысы өз пәндері бойынша сабақтарға кірді. Рафиқа Бекенқызы орыс тілі маманы еді. Менің 10 кластағы сабағыма кірді. Н.Островскийдің «Как закалялась сталь» деген романын өтіп жатқан болатынбыз. Сабақтан шыққан соң маған өз пікірін айтып, жақсы деген баға берді. Содан соң бастауыш кластарына орыс тілі сабағына кірді. Мені қасына ертіп алды. Ол кластарда маман емес ұстаздар сабақ беретін. Рафиқа Бекенқызы бастауыш кластардағы орыс тілін өткізген мұғалімдердің сабағына көңілі толмады. Көптеген сын ескертпелер жасады. Ол сындары бізге және біздің мектепке мол тәжірибе болды. Балаларымның әкесі, жұбайым Көбекең туралы айтайын.

2019 жылы 6 қаңтарда Көбекең туралы журналист жазушы «Алтын қалам иегері» атанған Мақсат Қарғабайдың ұстаз, спорт ардагері Көпжасар Үрмізұлы жайлы жазған мақаласы шыққан болатын. Сол кезде оқып шыққаным. Ешқандай қоспасы жоқ. Мақалада Мақсат Қарғабай нақты дәлелді келтіріп жазған. Енді мен өзім балаларыма әкелерінің спорт саласында қандай еңбек сіңіргенін жазғым келді. 1983 жылға дейін біздің мектеп ескі болды. Содан балалар үшін мектепте спорт залы деген жоқ болатын. Көбекең жоқтан бар жасап, мектеп алдындағы кең алаңға волейбол, баскетбол сеткаларын құрып, ұзындыққа, биіктікке секіретін сеткалар құрып сабақ өтті. Мектеп ішінде кіші зал болатын. Оған арқаннан каната орнатып балалар оған өрмелеп шығып, түсіп шынығатын. Ол мектеп басшылығына мынаны жөндеу керек деп айтаптан біршама нәрселерді өз қаржысына жасапты. Мектептегі партия ұйымының жетекшісі болды. Мектептегі кейбір мәселелерді өзі қарап, шешім қабылдайтын. Шымкенттегі пединститутты сырттай оқып диплом алды. Үлкен кластарға тарихтан да сабақ берді. Сонымен бірге алғашқы әскери дайындық пәнінен де сабақ беретін. Созақ ауданының білім бөлімінен аудан мұғалімдеріне (военруктарға) тәжірибе алмасу ретінде сабақ өткізуге тапсырма алды. Қыстың күні болатын. Военный корпус өте суық. Мен бір күн барып жәрдем беремін деп қатты жаурадым. Сабағын өте жоғары дәрежеде деп бағалады. Бірақ өзі содан бастап ауырды. Дәрігерлер бүйрегіне қатты суық тиген деп диагноз қойды. Алматыға Мұхатай шақырып бір ай емделді. Бірақ одан еш нәтиже болмады. Содан үйде біраз күн жүрді. Болмағасын бауыры Мыңжасар аға келіп Шолаққорғанға алып кетті. Ауруханада он күндей жатты. Еш нәтиже болмады. Біз Ержан, мен, Жәмילה, Сәбира бәріміз қасында болдық. Ұйықтап жатқанда Бүркіт келіп, қолын ұстап көріп: «Ағатай-ай, ең болмағанда бір бүйрегің сау болғанда алып қалатын едім ғой,- деп қатты өкінді.

Саға САРМАТОВА,
«Еңбек ардагері», «Алтын алқа» медальдарының иегері, ардагер ұстаз.

Біз дайындаған тіл мамандары-жарқын болашақтың кепілі

6.01.2023 жылы Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ базасында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы өтті. Іс-шараға ҚР Премьер-министрінің орынбасары Алтай Көлгінов, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, ҚР Президенті Әкімшілігі және ҚР Парламентінің өкілдері, ЖОО ректорлары, ФЗИ мен министрліктің ведомстволық бағынысты ұйымдарының басшылары, сондай-ақ қоғам қайраткерлері қатысты. Министр Саясат Нұрбек 2022 жылды қорытындылай келе, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасы аясында 2023 жылға арналған міндеттерді таныстырды. «Мемлекет басшысы өзінің сайлауалды тұжырымдарымен аясында жоғары білім саласын дамыту бойынша бірқатар тапсырмалар берді. Біріншіден, студенттердің стипендиясын 2025 жылға дейін 2 есеге арттыру жоспарланған. Екіншіден, барлық студенттерге әлемдік цифрлық кітапханаларды тегін пайдалануын қамтамасыз ету. Үшіншіден, студенттік жатақханаларда орын тапшылығы мәселесін шешу. 2023 жылы ЖОО басшыларымен бірлесіп осы міндеттерді іске асыру бойынша жұмыстар басталады және жалғастырылады», деді Саясат Нұрбек. Сондай-ақ, министр өз сөзінде министрліктің даму стратегиясына негіз болған жоғары білім берудің басым міндеттерін атап өтті. «Жоғары білімнің қолжетімділігі үшін гранттарды 2025 жылға дейін жыл сайын 5000-ға ұлғайту көзделген. Шәкіртақы мөлшері бойынша да осындай динамика болады. Еңбек нарығы қазірдің өзінде сұранысқа ие болу үшін тек бір саладағы білімнің жеткіліксіз екенін көрсетіп отыр. Ол үшін кадрларды даярлауда пәнаралық тәсіл принципі көбірек қолданылуы. Студенттер контингентінің жыл сайын ұлғаюы жоғары оқу орындары арасында бәсекелестікті арттырады және білім беру бағдарламаларының алуан түрлілігіне әкеледі. Еңбек және білім нарығын үндестіру үшін біз жоғары оқу орындарының ОПК арасында форсайт-сессия және өңірлік нарықты талдау негізінде кәсіптердің өңірлік карталарын әзірлеу бойынша жұмысты бастадық», деп атап өтті ведомство басшысы.

Мектепті үздік бітіріп, ҰБТ-дан жоғары балл жинаған оқушылар үшін грант саны артты. Қазір білім аламын деген жастар үшін барлық жағдай жасалған. Біздің Шымкент қаласының өзінде бірнеше жоғары оқу орны бар. Сол оқу орындарының арасында материалдық-техникалық базасы заманауи талапқа сай жабдықталған, студенттер үйі соңғы үлгідегі барлық мүмкіндікке ие, студенттерге цифрлық кітапханалары тегін пайдалануға берілген, ғылыми потенциалы

жоғары оқытушы-профессорлар құрамы қалыптасқан оқу орны академик Ә.Құратбеков атындағы Халықтар достығы университеті.

Университет техникалық, экономикалық, педагогикалық бағытта мамандар дайындайды. Педагогикалық бағытта тіл мамандарын даярлаумен Филология кафедрасы айналысады. Филология кафедрасы дайындайтын 6B017– Тілдер мен әдебиет мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша 6B01710- Қазақ тілі мен әдебиеті, 7M017 Тілдер мен әдебиет мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша 7M01710-Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы Халықаралық мамандандырылған аккредиттеуден (APTA) 5 жылға өткен.

Филология кафедрасында оқу қашан да үлкен мақтаныш болған. Мұнда талапкерлер мен ата-аналардың үміттері ақталып, армандары орындалады. 6B01710- Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B01720- Орыс тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасын бітірген кешегі студент, магистрант бүгінгі мекеме басшысы, ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми қызметкерлері, колледж, мектеп мұғалімдері, баспасөз хатшылары, мемлекеттік тілде іс қағаздар жүргізу, тағы басқа да сала қызметкерлері. Бұл кафедра мәртебесін қалыптастырудағы басты фактордың бірі. Мамандар дайындау жұмыстарымен кафедраның білікті ғылым докторлары мен ғылым кандидаттары, магистрлер айналысады. Кафедра оқытушы-профессорлары университеттің барлық мамандықтарында қазақ тілі, орыс тілі пәндерінен дәріс жүргізеді. Кафедрада жоғары оқу орнының бірегей интеллектуалдық әлеуетінен хабар беретін ғалымдар шоғырланған. Жоғары білікті 44 оқытушы-профессор дәріс береді, олардың құрамында 4 ғылым докторы, 25 ғылым кандидаты, доценттер, аға оқытушылар, 9 магистр, аға оқытушы, 6 аға оқытушы және Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Ыбырай Алтынсарин» белгісінің, ҚР Ұлттық бизнес рейтингінің қорытындысы бойынша «Ұжым мақтанышы» ме-



далінің, Республикалық «Ынтымақ жолы» қоғамдық қорының шешімімен еселі еңбегі үшін «Тұлға тағлымы 100 есім» медалінің, «BILIM ORKENIETI» ұлттық инновациялық зерттеу орталығының Білім саласына қосқан айрықша еңбегі үшін «Жылдың жүз үздік қазақ тілі пәні мұғалімі» төсбелгісінің, «Білім көшбасшысы» төсбелгісінің, «Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісінің, Республикалық «Ұстаз жолы» қоғамдық қорының шешімімен өз саласында сіңірген еңбегі мен үздік нәтижелерге қол жеткізгені үшін «Елеулі еңбегі үшін» Үздік қызметкер» медалінің, «Тәуелсіздікке 25 жыл» медалінің иегерлері қызмет атқарады. Кафедра тіл мамандарын дайындайтын болғандықтан, білім, ғылым мен инновацияның дамуына жағдай жасалған, материалдық және ғылыми-лабораториялық база нығайтылған. Лингвистика кабинеті, Абайтану дәрісханасы, Қазақ тілі кабинеті, Орыс тілі кабинеті соңғы үлгідегі интерактивті тақтамен жабдықталған. Студенттер үшін «Жас ғалым», «Острое перо», үйірмелері жұмыс жасайды.

Кафедра 6B017 – Тілдер мен әдебиет мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша 6B01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті», 6B01720-«Орыс тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша

және 7M017 Тілдер мен әдебиет мұғалімдерін даярлау бағыты бойынша 7M01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша мамандарды дайындауды жүзеге асырады.

Тіл мамандарына деген сұраныс өте жоғары. Біз дайындаған 7M01710 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша бітірушілер 100 пайыз жұмыспен қамтылған. 6B01710-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B01720-Орыс тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша бітірушілер 90 пайыз жұмыспен қамтылған.

6B01710-Қазақ тілі мен әдебиеті, 6B01720-Орыс тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасын, 7M01710 Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасын бітірушілер төмендегідей салаларда қызмет жасай алады:

1. Журналист бола аласыз;
2. Кез келген газетте редактор қызметін атқара аласыз;
3. Мемлекеттік мекеменің іс-қағазын жүргізе аласыз;
4. Магистратура, PhD бітіріп, ғалым бола аласыз;
5. Аудармашылық қызметті де атқара аласыз;
6. Сізді кез келген мектеп, колледж мұғалімі, ЖОО-ны оқытушы ретінде шақыра алады;
7. Баспасөз хатшысы бола аласыз;
8. Дикторлық қызметті атқара аласыз;
7. Ғылыми-зерттеу институтында ғылыми қызметкер де бола аласыз!

Ұлбосын ҚАЙЫРБЕКОВА,
Академик Ә.Құратбеков атындағы Халықтар достығы университеті, Филология кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, университет профессоры.

Филология кафедрасының мамандықтарды даярлау бағыты:

| Мамандық шифры | Мамандық | Оқу мерзімі | Біліктілігі |
|--------------------------------|-------------------------|-------------|---|
| Бакалавр 6B01710 | Қазақ тілі мен әдебиеті | 4 жыл | Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры |
| 6B01720 | Орыс тілі мен әдебиеті | 4 жыл | Орыс тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры |
| Магистратура 7M01710 | Қазақ тілі мен әдебиеті | 2 жыл | Педагогика ғылымдарының магистрі |

Медициналық әлеуметтік сараптама өткізу туралы ақпарат

Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті №4-медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімі Бәйдібек, Созақ және Түлкібас аудандарының халқына медициналық-әлеуметтік сараптама қызметін көрсетеді. Бөлім қызметкерлері штаттық кестеге сай бекітілген, толық құрамда жұмыс істейді.

№4 МЭС бөлімі барлығы 217 89 бадамға, оның ішінде Бәйдібек ауданы бойынша 48 859 халық, Созақ ауданы бойынша 62 910 халық, Түлкібас ауданы бойынша 106 127 халыққа қызмет көрсетеді. Қызмет көрсету аумағы шамамен 450 кв.км.

Қызмет ететін үш аудан бойынша барлық халық саны – 217 896.

Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығына» сүйене отырып өткізіледі.

Қазақстан Республикасының Еңбек

және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2021 жылғы 25 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің бесінші отырысында берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарының 11-тармағын «Барлық мүдделі мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері интеграциясы арқылы қызмет алушының медициналық мекемеге ғана жүгінумен мүгедектікті белгілеуі үшін медициналық-әлеуметтік сараптаманың сырттай форматын енгізу (2021 жылғы 1 шілдеден бастап пилоттық режимде, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап толық көлемде)» іске асыру мақсатында әзірленген «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2021 жылғы 30 маусымдағы № 384, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2021 жылғы 25 маусымдағы № 304 Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2021 жылғы 14 маусымдағы № 204, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 2021 жылғы 29 маусымдағы № 227/НҚ Мүгедектікті және/немесе еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеу және/немесе қажетті әлеуметтік қорғау шараларын айқындау

«мемлекеттік қызметті проактивті сырттай көрсетудің пилоттық жобасын іске асыру туралы» бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бірлескен бұйрығына сәйкес 2021 жылдың қазан айынан бастап медициналық мекемелерде науқастардың келісімімен құжаттары МЭС-ке электронды түрде тіркеледі, сәйкесінше екстериторалды эксперттер электронды түрде шешім шығарады. Сырттай куәландырылатын нозологиялар тізімі ұсынылды. Бұл тізімге қатерлі ісіктер, туберкулез, қан айналым ауруларының ішіндегі инсульттен кейінгі жағдай, несеп жолдары ауруларының ішіндегі гемодизализ алатындар, психикалық аурулар, балалардың 1-типтегі қант диабеті, Дауна, ауруы, органдарға трансплантация жасағаннан кейінгі жағдай, қан аурулары, туа біткен немесе жүре пайда болған анофтальм (бір көзді болмауы), анатомиялық кемістіктер (аяқтың немесе қолдың болмауы) кіреді.

«Мемлекеттік қызмет көрсетудің проактивті сырттай пилоттық жобасын жүзеге асыру, «мүгедектікті тағайындау, еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесін анықтау және қажетті әлеуметтік көмектерді тағайындауды» мемлекет басшысы ұлттық қоғамдық кеңестің бесінші отырысында медициналық әлеуметтік сараптаманы сырттай форматта жүргізу тапсырмасына сәйкес Ұлттық жоспарды

жүзеге асыру мақсатында, 12.10.2021 жылы «Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету мәселелері туралы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу» арқылы мүгедектігі бар азаматтардың құқығын қамтамасыз ете отырып жаңа төлемдерді төлеу қарастырылды.

Атап айтқанда, мүгедектік себебіне қарамастан I-топтағы барлық мүгедектерге күтім жасаушыларға жаңа жәрдемақы тағайындалады. Жәрдемақы алуға өтініш «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-на беріледі. Егер бір үйде I-топтағы екі мүгедек адам болса олардың әрқайсысына жеке жеке жәрдемақы төленеді. I-топтағы мүгедектерге күтім жасаушы адам оның туыстық қарым қатынасына қарамайды. Күтім жасаушы адам мүгедекпен бір елді мекенде тұруы тиіс. Сонымен қатар 7-18 жас аралығындағы балаларға мүгедектік топтары беріліп, сәкесінше жаңа жәрдемақы тағайындалып төленеді. Осыған байланысты 7 жасқа толғаннан кейін мүгедектігі бар балаларды мерзімінен бұрын қайта куәландыруға ата-аналары алып келу керектігін ескертеміз.

М.БЕКПЕНБЕТОВ,
№4 МЭС бөлімінің басшысы.

Созақ аудандық қоғамдық кеңес мүшелеріне және аудан тұрғындарының назарына!

Аудандық қоғамдық кеңесің кезекті мәжілісі 2023 жылдың 22 ақпан күні сағат 11:00 де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында өтеді.

- 1.«Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС Созақ аудандық электр жүйесі басшысының атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі.
 - 2.Созақ ауылдық округі әкімінің 2022 жылдың қорытынды есебі және 2023 жылға арналған жұмыс жоспары.
 - 3.Жуантөбе ауылдық округі әкімінің 2022 жылдың қорытынды есебі және 2023 жылға арналған жұмыс жоспары.
 - 4.Басқада мәселелер.
- Қоғамдық кеңес мүшелерін тіркеу 22- ақпан күні сағат 10:00 де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында жүргізіледі.

М.САПАРОВ,
Созақ аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы.

Хабарландыру!

Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2019-2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы С.Қожанов №15 мекен-жайында, 2023 жылдың ақпан айының 20 жұлдызында «Ашық есік күні» өтетіндігі туралы хабарлаймыз.

Созақ аудандық СЭББ.

Сенім телефоны

«Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі қызметкерлері тарапынан Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі нормаларын бұзу, сонымен қатар сыбайлас жемқорлық іс-әрекет тудыратын фактілері бойынша 4-25-05 сенім телефонына хабарласуына болады.

Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі.

Орының болсын жәннаттың кең төрінен

Бабата ауылының тұрғыны, асыл әке, ардақты ата, ауыл-аймаққа қадірлі жан **Елеуов Көкешбай** әкеміздің дүниеден өткеніне қырық күннің жүзі болып қалды. Жаны жайсаң әкеміздің жарқын бейнесі жадымыздан өшпек емес.



**Мейір шуақ шашып өттің көңілден,
Еңбегіңмен таптың бақыт өмірден.
Сыйлы едің көпшілік жүрті, туысқа,
Өнеге алып өсті ұрпақ өзіңнен.
Енді Алла шапағына бөленіп,**

Орының болсын жәннаттың кең төрінен, - деп, асыл әкеміз Көкешбай Елеуовтың рухына бағыштап қырық күндік асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жекежат, ауылдастары мен замандастарының есіне саламыз.

Ас – 18 ақпан күні (17 ақпан – қонақ асы) Бабата ауылындағы өз шаңырағында беріледі.

Асқа шақырушылар: ұл-қыздары.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы жұмысы және «Қарағұр» жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің кіші қызметкері Иманбеков Дарханға анасы

Сырғакүлдің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы жұмысы және Құрманғазы атындағы жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің бастауыш сынып мұғалімі Нәсіпбаев Қалдыбекке ағасы

Қыдырбектің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы жұмысы және Науайы атындағы жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің бастауыш сынып мұғалімі Азимбаева Дилларамға ағасы

Запердің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Хабарландыру

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес «КАТКО» БК ЖШС ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

- 1.Жобаның атауы: «2022 жылы енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен Мойынқұм кен орнын (№1 (Оңтүстік) және №2 (Төртқұдық) учаскелер) игеру жобасына» өзгерістер мен толықтырулар енгізу» жобаға ықтимал әсерлер туралы есеп;
- 2.Әсер ету аумағы: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы;
- 3.Қоғамдық тыңдаулар 2023 жылы 17 наурызда, сағат 11.00-де, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі бойында 16, әкімдік ғимаратындағы мәжіліс залында өтеді.
- 4.Жоспарланған жобаның бастамашысы: «КАТКО» БК ЖШС. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тасты ауылдық округі, Тасты ауылы, 060 квартал, 44 ғимарат. БСН: 981040001439, тел/факс: 8(7252) 99 54 99.
- 5.Жоба әзірлеуші: «АНТАЛ» ЖШС. Мекенжайы: Алматы қ., Бұқар Жырау 33, «Жеңіс» БО, оф.50, БСН – 92094000013. Тел/факс: 8(727) 376-33-42, электрондық пошта: office@antal.kz.
6. Жобалық құжаттамамен <https://ecportal.kz/> бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru> танысуға болады.
7. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күннен кешікпей мына электронды мекенжайлар бойынша қабылданады: ecportal.kz; ulugbek.iskakov@areva.com. Тіркелу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады.

Объявление

ТОО СП «КАТКО», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

- 1.Наименование проекта: Отчет о возможных воздействиях к Проекту «Внесение изменений и дополнений в «Проект разработки месторождения Мойнкум (участки №1 (Южный) и №2 (Торткудук)) с изменениями и дополнениями, внесенными в 2022 году»;
- 2.Территория воздействия: Республика Казахстан, Туркестанская область, Сузакский район;
- 3.Общественные слушания состоятся 17марта 2023 года в 11.00 часов по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, село Шолаққорған, ул. Жибек жолы 16, в малом зале заседаний зданияАкмата с. Шолаққорған.
- 4.Инициатор намечаемой деятельности: ТОО СП «КАТКО». Адрес:Республика Казахстан, Туркестанская обл., Сузакский район, Тастинский с.о., с. Тасты, квартал 060, здание 44.БИН: 981040001439, тел/факс: 8(7252) 99 54 99.
- 5.Разработчик: ТОО «АНТАЛ». Адрес: г.Алматы, Бұхар Жырау 33, БЦ «Женис», оф.50, БИН – 92094000013. Тел/факс: 8(727) 376-33-42, e-mail: o.
- 6.С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/>, а также сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области: <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lang=ru>
- 7.Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний: по электронным адресам: ecportal.kz; ulugbek.iskakov@areva.com.

Регистрация начинается за 30 минут до начала обсуждения.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес-қоғам талабы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда және мемлекетіміздің бірден-бір қолға алған факторларының бірі. Оның алдын алу үшін көптеген іс-шаралар қолданылып, атқарылған жұмыс аз емес.

Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өз құқығын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет.

Салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде.

Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек.

Сыбайлас жемқорлық тек құқық бұзушылық емес. Бұл мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді төмендетеді және ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатер төндіреді. Сондықтан мемлекет пен қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірігіп, әрекет етуі керек. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі.

Сексеуіл ел байлығы!

Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл, қарабарқын сынды табиғат байлықтарын себепсіз отау болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршаға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған сексеуілдің қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз.

Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт табиғат байлықтарына орасан зиян келтіреді. Бұл болашағымызға жасалған қиянат екенін ескерейік.

Н.МҰҚАНОВ,

Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман шебері.

Орман алқаптарын сақтайық!

Айналамыздағы орман тоғай, аң-құс қашанда жер ананың сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демеске лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі –таза ауа екені баршаға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өніуіне қарсы қауіпсіздік шараларын сақтасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің Жер-Анамыздың алдындағы үлкен парыздың орындалғаны болар еді.

А.ФАНИЕВ,

Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман шебері.

